

Пилоттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу қағидаларын және санақ парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 24 маусымдағы № 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 25 маусымда № 34576 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 57) және 58) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 43) тармақшасына және "2025 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1248 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Пилоттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парақтары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ауыл шаруашылығы статистикасы және ұлттық санақтар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына орындау үшін жеткізуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросының басшысы*

М. Турлубаев

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2024 жылғы 24 маусымдағы
№ 10 бұйрығына
1-қосымша

Пилоттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пилоттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) санақ парақтарын және бағдарламалық жасақтаманы тестілеу, пилоттық ауыл шаруашылығы санағын (бұдан әрі – пилоттық санақ) жүргізу кезінде деректерді жинау және өңдеу бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларды сынақтан өткізу мақсатында әзірленді.

2. Пилоттық санақты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының қызметкерлері (бұдан әрі – Бюро қызметкерлері), аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері (бұдан әрі – АБ қызметкерлері), сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлері (бұдан әрі – "АЕО" РМК қызметкерлері) жүргізеді.

3. Осы Қағидада пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Ұлттық санақтарды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2023 жылғы 20

маусымдағы № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32871 болып тіркелген) (бұдан әрі – Санақ қағидалары) сәйкес қолданылады.

2-тарау. Пилоттық ауыл шаруашылығы санағын жүргізу тәртібі

4. Пилоттық санақты республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде ұйымдастыру және жүргізу үшін әрбір аумақтық бөлімшеде еңбек шарты бойынша ұлттық санақтарға дайындалу мен оны жүргізу жөніндегі бір нұсқаушы (бұдан әрі – ЕШ бойынша нұсқаушы) тартылады.

Пилоттық санақ 2024 жылғы 20 тамыздан 30 қыркүйек аралығында осы Қағидаға қосымшаға сәйкес АБ қызметкерлері ауылдық жердегі екі елді мекенде және қалалық жердегі бір елді мекенде интервьюерлерді тартпай жүргізеді.

АБ қызметкерлері санақ парақтарын респонденттер (субъектілер) құжаттамалық растаусыз беретін мәліметтер негізінде толтырады.

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мынадай санаттары пилоттық санақ субъектілері болып табылады:

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 01.1-01.6 "Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы және осы салаларда қызметтер ұсыну", 03.2 "Балық шаруашылығы" кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі және қайталама түрлерімен ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары) шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, дара кәсіпкерлік субъектілері (бұдан әрі - ДК (ШФҚ);

жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары (бұдан әрі – ЖҚШ (СБШ).

6. Пилоттық санақ объектілері: жер және егіс алаңдары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың саны; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары; мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын ұстауға арналған өндірістік ғимараттар мен үй-жайлар; ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлар болып табылады.

7. ЕШ бойынша нұсқаушылар мен АБ қызметкерлерін жасақтау, бекіту, оқыту Бюро қызметкерлеріне жүктеледі.

8. Пилоттық санақ үш кезеңмен өткізіледі: дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдер.

9. Дайындық кезеңінде қолда бар деректерді нақтылау үшін АБ қызметкерлері қалалық жердің әрбір елді мекенінің аумағын тіркеу учаскелеріне бөледі.

Қалалық жерде АБ қызметкерлері нақтылау жүргізеді және планшетті немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бау-бақша шаруашылықтары)" (индексі 1-ААТ (ЖҚШ/СБШ), кезеңділігі: біржолғы) санақ парағын толтырады.

АБ қызметкерлері ЖҚШ (СБШ) барып, келу мақсатын түсіндіреді, алдағы пилоттық санақтың жүргізілетін күнін хабарлайды және мекенжайын; учаскенің жалпы алаңын; ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелердің болуы мен егілуін; ауыл шаруашылығы жануарларының болуын нақтылайды.

АБ қызметкерлері нақтыланған алдын ала аралау тізімдері (қалалық жер), электронды шаруашылық бойынша есепке алу (ауылдық жер) деректері және картографиялық материалдар (бар болса) негізінде аумақты ЖҚШ (СБШ) сауал салу жүргізу үшін қажет учаскелерге бөледі.

Пилоттық санақ жүргізілетін қалалық және ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ДК (ШФҚ) тізімдері Ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімінен қалыптастырылады.

10. Пилоттық санақтың негізгі кезеңі "sanaq.gov.kz" мамандандырылған сайтында онлайн режимде интернет желісі арқылы және қызметкерлердің респонденттерден сұрау салуы арқылы планшеттерді немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен:

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары" (индексі 2-АШК/ШФҚ, кезеңділігі біржолғы);

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Жеке қосалқы, саяжай және бау-бақша шаруашылықтары" (индексі 3-ЖҚШ/СБШ, кезеңділігі біржолғы) санақ парақтарын толтырумен, жұмыскерлердің респонденттерге сауал салуы арқылы жүргізіледі

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ДК (ШФҚ) санақ парақтарын "sanaq.gov.kz" мамандандырылған сайтында интернет желісі арқылы онлайн режимде электронды түрде дербес толтырады.

Пилоттық санақтан онлайн режимде өткен кезде тіркеу кезінде респондент көрсеткен өзінің ұялы телефонының нөміріне пилоттық санақтан өткені туралы хабарлама алады.

Онлайн режиммен қатар қызметкерлер планшеттерді немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдалана отырып, ЖҚШ (СБШ) сауал салу жүргізеді.

11. Соңғы кезеңде пилоттық санақтың алдын ала және негізгі кезеңдерінің қорытындылары бойынша:

1) ауыл шаруашылығы санағына дайындалу мен оны жүргізудің барлық кезеңдерінде анықталған ықтимал кемшіліктерге немесе қиындықтарға;

- 2) респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді жинауды (интернет желісі арқылы электрондық санақ парақтарын толтыру және планшеттерді пайдалана отырып респонденттерге сауал салу арқылы) ұйымдастыру әдістерін сынақтан өткізуге;
- 3) "sanaq.gov.kz" сайтында желісінде авторизациялау тәсілдерін сынақтан өткізуге;
- 4) интервьюердің оқыту тәсілдерін пысықтауға;
- 5) бағдарламалық жасақтаманың дұрыстығын, белгіленген арифметикалық-логикалық және форматтық-логикалық бақылауларды тексеруге;
- 6) санақ парақтарында кейбір сұрақтарды қоюдың орындылығына;
- 7) респонденттен алынған дербес деректер мен мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 8) ауыл шаруашылығы санағына дайындалу және оны жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімін және әкімшілік деректерді пайдалану мүмкіндіктеріне;
- 9) ауыл шаруашылығы санағы кезінде деректерді ұсыну үшін респонденттердің интернет желісін пайдалану дайындығына;
- 10) тартылатын интервьюерлерге жүктеменің оңтайлы нормаларын айқындауға және қажет болған жағдайда оларды түзетуге;
- 11) интернет-сауал салу жүргізу кезінде жүктеме деңгейлерін және ауыл шаруашылығы санағы деректерін автоматтандырылған өңдеу технологиясын тестілеуге талдау жүргізіледі.
12. Пилоттық санақты талдау негізінде Бюро, АБ және "АЕО" РМК қызметкерлері: интервьюерлерге жүктемені; санақ парақтарын; бағдарламалық жасақтаманы, деректерді жинау және өңдеу технологиясын, ауыл шаруашылығы санағын жүргізу кезінде әкімшілік деректерді пайдалануды пысықтау қажеттігі туралы еркін нысанда қорытынды дайындайды.

Пилоттық ауыл шаруашылығы
санағын жүргізу қағидаларына
қосымша

2024 жылы Қазақстан Республикасы пилоттық ауыл шаруашылығы санағы жүргізілетін елді мекендердің тізімі

	Өңір	Аудан	Елді мекен
1	Абай облысы		Курчатов
2		Бородулиха ауданы	Дмитриевка а.
3		Көкпекті ауданы	Тассай а.
4	Ақмола облысы	Атбасар ауданы	Атбасар қ.
5		Зеренді ауданы	Айдарлы а.
6		Сандықтау ауданы	Владимировка а.
7	Ақтөбе облысы	Алға ауданы	Алға қ.
8		Хромтау ауданы	Ақжар а.

9		Мәртөк ауданы	Саржансай а.
10	Алматы облысы	Талғар ауданы	Талғар қ.
11		Қарасай ауданы	Шамалған а.
12		Іле ауданы	Караой а.
13	Атырау облысы		Атырау к.
14		Махамбет ауданы	Ақжайық а.
15		Исатай ауданы	Хамит Ерғалиев а.
16	Батыс Қазақстан облысы		Деркөл к.
17		Бәйтерек ауданы	Қаражар а.
18		Тасқала ауданы	Айнабұлақ а.
19	Жамбыл облысы	Талас ауданы	Қаратау қ.
20		Байзақ ауданы	Көктал а.
21		Меркі ауданы	Ақтоған а.
22	Жетісу облысы	Сарқан ауданы	Сарқан қ.
23		Ақсу ауданы	Сағабүйен а.
24		Ақсу ауданы	Есеболатов а.
25	Қарағанды облысы	Шахтинск қ.ә.	Новодолинка к.
26		Бұқар жырау ауданы	Новоузенка а.
27		Осакаров ауданы	Батпақты а.
28	Қостанай облысы	Костанай ауданы	Тобыл қ.
29		Костанай ауданы	Садчиковка а.
30		Қарабалық ауданы	Қарабалық к.
31	Қызылорда облысы		Қызылорда қ.
32		Қазалы ауданы	Мұратбаев а.
33		Сырдария ауданы	А.Токмағанбетов атындағы а.
34	Маңғыстау облысы		Ақтау қ.
35		Мұнайлы ауданы	Дәулет а.
36		Түпқараған ауданы	Таушық а.
37	Павлодар облысы		Ақсу қ.
38		Баянауыл ауданы	Бірлік а.
39		Ертіс ауданы	Қарақұдық а.
40	Солтүстік Қазақстан облысы		Петропавл қ.
41		Қызылжар ауданы	Бескөл а.
42		Айыртау ауданы	Сырымбет а.
43	Түркістан облысы	Сарыағаш ауданы	Сарыағаш қ.
44		Сарыағаш ауданы	Ынтымақ а.
45		Түлкібас ауданы	Кершетас а.
46	Ұлытау облысы		Жезқазған қ
47		Жаңаарқа кенті	Жаңаарқа к.
48		Ұлытау ауданы	Ұлытау а.
49		Шемонаиха ауданы	Шемонаиха қ.

50	Шығыс Қазақстан облысы	Ұлан ауданы	Сағыр а.
51		Глубокое ауданы	Прогресс а.
52	Астана қаласы	Алматы ауданы	
53	Алматы қаласы	Медеу ауданы	
54	Шымкент қаласы	Тұран ауданы	

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2024 жылғы 24 маусымдағы
№ 10 бұйрығына
2-қосымша



Бюро национальной статистики
Агентства по стратегическому
планированию и реформам
Республики Казахстан

Мемлекеттік статистика органдары
құпиялылығына кепілдік береді
Пилоттық ауыл шаруашылығы санағына
санақ парағының нысаны
Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz"
интернет-ресурсында орналастырылған

Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бау-бақша шаруашылықтары)

Индексі 1-ААТ (ЖҚШ/СБШ)

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы малдары бар үй шаруашылықтары

Нұсқаушы учаскесінің №
1

--	--	--	--

Тіркеу учаскесінің №²

--	--	--	--

Ескертпе:

1,2 Нұсқаушы, тіркеу учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімін планшеттегі мобильді қосымшаға жүктегеннен кейін автоматты түрде көрінеді.

I бөлім. Санақ субъектісі туралы жалпы мәліметтер

--	--	--

Жол коды	Белгілері	Мәліметтер
A	Б	1
1	ӘАОЖ ³ коды	
2	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	
3	Көше типі	
4	Мекенжайы	
5	Ғимараттың, үйдің, учаскенің нөмірі және басқалар	
6	Пәтер нөмірі	
7	Мекенжайдың тіркеу коды	
8	Саяжай және (немесе) бау-бақша учаскесі	☐
9	қараусыз қалған жер учаскесі (бос үй, игерілмеген саяжай немесе бау-бақша учаскесі)	☐
10	Сауал салынатын адамның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
11	Сауал салынатын адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)	
12	Болып табылады ("✓" белгісімен белгіленеді):	
12.1	құқық иеленуші	☐
12.2	өзге де	☐

Егер 9-жол белгіленсе ,онда сауал салу аяқталды

II бөлім. Санақ объектісі туралы мәліметтер

Жол коды	Белгілері	Мәліметтер
A	Б	1
1.	2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жер учаскесінің жалпы алаңы, шаршы метр (үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі) 1 сотық=100 шаршы метр; 1 гектар =100 сотық; 1 гектар= 10 000 шаршы метр	
2.	2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Сіз өзіңіздің жер учаскенізде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіресіз бе? ("✓" белгісімен белгілеңіз, егер "жоқ" болса 3-сұрағына өту)	иә ☐ жоқ ☐
2.1	2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер егілген алаңды көрсетіңіз,	

	ш.м (үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі)	
3.	2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бары ("✓"/" белгісімен белгіленеді)	иә ☐ жоқ ☐
4.	Ескертпе ⁴	

Ынтымақтастығыңыз үшін рақмет!

ТАӘ (бар болса) _____

(Бюроның аумақтық бөлімшесінің жұмыскері)

Ескертпе:

³ЭАОЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушіне сәйкес толтырылады;

⁴Ескертпеде әрбір объект бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі

"Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бақ шаруашылықтары)" пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бақ шаруашылықтары)" (индексі 1 -ААТ (ЖҚШ/СБШ), кезеңділігі біржолғы) санақ парағы қосымшасында келтірілген

"Алдын ала аралау тізімі
(жеке қосалқы, саяжай және бақ
шаруашылықтары)"
(индексі 1-ААТ (ЖҚШ/СБШ),
кезеңділігі біржолғы
санақ парағына
қосымша

"Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бақ шаруашылықтары)" (индексі 1-ААТ (ЖҚШ/СБШ), кезеңділігі біржолғы) пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық "Алдын ала аралау тізімі (жеке қосалқы, саяжай және бау-бақша шаруашылықтары)" (индексі 1-ААТ (ЖҚШ/СБШ), кезеңділігі: біржолғы (бұдан әрі-санақ парағы) пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мына анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы дақылдары – азық-түлік, техникалық шикізат және мал азығын алу мақсатында өсірілетін дақылды өсімдіктер;

2) ауыл шаруашылығы жануарлары – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтардың және бал араларының барлық түрі;

3) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

4) әкімшілік-аумақтық бірлік – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесінің құрамдас бөлігі (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс);

5) бақ шаруашылығы – ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

6) бау-бақша шаруашылығы – көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

7) жеке қосалқы шаруашылық – ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз қажеттерін қанағаттандыруға арналған қызмет түрі;

8) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі;

9) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәнді және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар ;

10) мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерінің сипаттамасы (өңір, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөліктері, бастапқы жылжымайтын мүлік объектісі, қайталама жылжымайтын мүлік объектісі (бар болса));

11) санақ объектілері – жер және егіс алаңдары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың саны; ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары; мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын ұстауға арналған өндірістік ғимараттар мен үй-жайлар; ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған құрылыстар мен құрылысжайлар болып табылады;

12) санақ субъектісі – жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары;

13) статистикалық байқау – статистикалық байқау объектісі бойынша алғашқы статистикалық деректерді ғылыми-ұйымдастырып жинау;

14) үй шаруашылығы – бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы аумақтық бөлімшелерінің жұмыскерлері (бұдан әрі – жұмыскер) нақтылау жүргізеді және планшет немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен санақ парағын толтырады.

4. Санақ парағының титулдық бетінде нұсқаушы және тіркеу учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімін планшеттегі мобильді қосымшаға жүктегеннен кейін автоматты түрде көрінеді.

I бөлімнің 1-бағанында санақ субъектісі туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1 және 2-жолдарда аумақтың коды және әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – "е-Статистика" ИАЖ) анықтамалығынан Әкімшілік-аумақтық объектілердің анықтамалығына сәйкес көрсетіледі;

3-жолда "е-Статистика" ИАЖ анықтамалығына сәйкес көше типі;

4, 5, 6, 7-жолдарда тұрғынжайдың, тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) мекенжайы, нөмірі, пәтердің нөмірі (болған жағдайда) және мекенжайдың тіркеу коды көрсетіледі.

8-жолда санақ субъектісінің типі: жеке қосалқы шаруашылық, саяжай және (немесе) бау-бақша учаскесі.

9-жолда егер санақ объектісі қараусыз қалған немесе бос үй, игерілмеген саяжай, бау-бақша немесе жер учаскесі болса, онда "√" белгісімен белгіленеді және одан әрі сауал салу аяқталады.

10-жолда сауал салынатын кәмелетке толған адамның жеке сәйкестендіру нөмірі;

11-жолда сауал салынатын кәмелетке толған адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

12.1-жолда егер сауал салынатын адам жер учаскесінің құқық иесі болып табылса, "√" белгісімен белгіленеді;

II бөлімнің 1-бағанында санақ объектісі туралы мына мәліметтер көрсетіледі:

1-жолда 2024 жылғы 1 маусымға жер учаскесінің жалпы алаңы шаршы метрмен көрсетіледі;

2-жолда 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жер учаскесінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірсе "√" белгісімен белгіленеді;

2.1-жолда егер жер учаскесінде ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілетін болса, онда 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егістері мен көпжылдық екпелер отырғызылған алаң шаршы метрмен (үтірден кейін бір белгісімен) көрсетіледі;

3-жолда 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бары "√" белгісімен белгіленеді;

4-жолда осы объект бойынша кез келген өзгерістер мен ескертулер көрсетіледі.

5. Жұмыскер аралау кезінде өзінің тіркеу учаскесінде жоқ тұрғынжайды, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) және тұрғын емес үй-жайды тапқан жағдайда, жұмыскер оны санақ парағына енгізеді және планшетте белгілейді.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) II бөлім. Санақ объектісі туралы мәліметтер

2.1-жол $\leq$ 1-жол;

егер 2-жол "жоқ" деп белгіленсе, онда 3-сұраққа көшу;

егер 2-жол "иә" деп белгіленсе, онда 2.1-жол міндетті түрде толтырылады.

2) Бөлімдер арасындағы бақылау:

I бөлімді толтырмай, II бөлімге көшуге жол берілмейді;

егер 1-бөлімнің 9-жолы "Қараусыз қалған жер учаскесі" деп белгіленген болса, сауал салу аяқталады.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2024 жылғы 24 маусымдағы
№ 10 бұйрығына
3-қосымша



Бюро национальной статистики
Агентства по стратегическому
планированию и реформам
Республики Казахстан

Мемлекеттік статистика органдары

құпиялылығына кепілдік береді

Пилоттық ауыл шаруашылығы санағына

санақ парағының нысаны

Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz"

интернет-ресурсында орналастырылған

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары

Индексі 2-АШК/ШФҚ

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің (ЭҚБЖ) 01.1-01.6 "Өсімдік және мал шаруашылығы және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну", 03.2 "Балық өсіру" кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрлерімен ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын

занды тұлғалар және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда дара кәсіпкерлер

Ұсыну мерзімі: 2024 жылғы 20 тамыздан бастап 30 қыркүйек аралығында
БСН/ЖСН коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

I бөлім. Жалпы сипаттамасы
1. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығы саласында қандай да бір экономикалық қызметті жүзеге асырды ма? (тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді)

1.1 2023 жылы иә

☐

жоқ

☐

1.2 2024 жылдың 1 жартыжылдығында иә

☐

жоқ

☐

2. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) 2024 жылдың 1 жартыжылдығында ЭҚЖЖ-ға сәйкес экономикалық қызметтің қандай түрлерімен айналысқанын көрсетіңіз негізгі қосалқы қосалқы

--	--	--	--	--

--	--	--	--	--

--	--	--	--	--

II бөлім. Инфрақұрылым
3. 2024 жылғы 1 тамызға Сіздің кәсіпорныңызда (шаруашылығыңызда) қандай инженерлік-техникалық коммуникациялар бар екенін көрсетіңіз.
бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді	
		иә	жоқ
А	Б	1	2
1	Орталық электрмен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
2	Орталық газбен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
		☐	☐

3	Орталық жылу желілеріне қосылу		
4	Орталық сумен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
5	Байланыс қызметі:	X	X
5.1	бекітілген телефон байланысы	☐	☐
5.2	бекітілген интернет	☐	☐
5.3	мобильді интернет	☐	☐

4. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Сіздің кәсіпорныңызда (шаруашылығыңызда) электрмен/жылумен/сумен жабдықтаудың автономды көздерінің бар-жоғын көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді	
		иә	жоқ
A	Б	1	2
1	Автономды электрмен жабдықтау көздері:	X	X
	оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға негізделген қондырғылар :	X	X
1.1	күн энергиясы	☐	☐
1.2	жел энергиясы	☐	☐
1.3	биогаз	☐	☐
1.4	геотермалдық энергия	☐	☐
2	Автономды жылумен жабдықтау көздері (жеке қазандықты қоса алғанда)	☐	☐
3	Автономды сумен жабдықтау көздері (жеке су тарту құрылыстары, құдық, ұңғымалар)	☐	☐

5. 2024 жылғы 1 тамызға 100 км радиуста Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) үшін ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының қандай объектілері қолжетімді?
бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді		
		иә	жоқ	жауап беру қиындау
A	Б	1	2	3

1	Астық сақтау қоймалары (элеваторлар, астық қабылдау пункті)	☐	☐	☐
2	Сою пункттері	☐	☐	☐
3	Сою алаңы	☐	☐	☐
4	Ветеринарлық пункттер	☐	☐	☐
5	Көтерме-тарату орталықтары	☐	☐	☐
6	А у ы л шаруашылығы өнімдерін қайта ө н д е у кәсіпорындары (шаруашылығы)	X	X	X
6.1	сүт	☐	☐	☐
6.2	ет	☐	☐	☐
6.3	тері және (немесе) жүн	☐	☐	☐
6.4	ө с і м д і к шаруашылығы өнімдері	☐	☐	☐
7	Көкөніс-картоп сақтау қоймалары	☐	☐	☐
8	Жеміс сақтау қоймалары (жеміс-жидек қоймаларын қоса)	☐	☐	☐
9	Минералды тыңайтқыштарға, ұлы химикаттарға арналған қоймалар	☐	☐	☐

III бөлім. Еңбек ресурстары және олардың демографиялық сипаттамалары

6. Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам туралы келесі ақпаратты көрсетіңіз:

ЖСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

ТАӘ (бар болса) _____

6.1 Жынысы ер

☐

әйел

☐

6.2 Білімі

6.3 Алынған білім (басшының) ауыл шаруашылығы мамандығына жата ма?

иә

☐

жоқ

☐

6.4 Еңбек өтілі, жыл: барлығы

6.4.1 соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында

6.5 Соңғы 12 айда кәсіптік оқытуға (немесе біліктілікті арттыру курстарына) барды ма?

иә

☐

жоқ

☐

6.5.1 соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында:

иә

☐

жоқ

☐

7. Орташа алғанда соңғы 12 айдағы (2024 жылғы 1 тамызға) кәсіпорын (шаруашылық) жұмыскерлерінің тізімдік санын көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	барлығы, адам	одан: әйелдер	одан: ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтіндер	
				барлығы, адам	одан: әйелдер
А	Б	1	2	3	4
1	Жұмыскерлердің тізімдік саны, барлығы				
	одан:	X	X	X	X

1.1	тұрақты (еңбек шарты бойынша)				
	одан:білім деңгейі бойынша				
1.1.1	ортабілім				
1.1.2	техникалық және кәсіптік білім				
1.1.3	жоғары білім				
1.1.4	жоғары оқу орнынан кейінгі білім				
1.2	маусымдық				

7.1. 2024 жылғы 1 тамызға соңғы 12 айда ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыспен қамтылған тұрақты жұмыскерлердің тізімдік санын жас құрамы бойынша көрсетіңіз

Жол коды	жасы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	
		барлығы	одан: әйелдер
А	Б	1	2
1	Барлығы		
1.1	15-34		
1.2	35-62		
1.3	63 және одан үлкен		

7.2. Соңғы 12 айда (2024 жылғы 1 тамызға) бір тұрақты жұмыскердің жұмыс істеген адам-сағаттың орташа санын көрсетіңіз тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді

1. ≤ 495

☐

2. 496-990

☐

3. 991-1485

☐

4. 1486-1980

☐

5. ≥ 1981

☐

7.3. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) соңғы 12 айда (2024 жылғы 1 тамызға) ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін шетелдік еңбек мигранттарын жұмыс істеуге тартты ма?

иә

7.3.1. Мигранттардың санын көрсетіңіз, адам

--	--	--

8. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын (жалға немесе пайдалануға алынғандарды есепке алумен) жыныс-жас құрылымы бойынша көрсетіңіз

[illegible]

¹Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығына" сәйкес толтырылады.

тиісті жауап нұсқасы "✓" белгісімен белгіленеді

Жол коды	Қорғау жүйелері	Ірі қара мал	Қой мен ешкі	Жылқылар және өзге де жылқы тектес жануарлар, тірі	Түйелер және тәрізділер, тірі
А	Б	1	2	3	4
1	Жайылым	☐	☐	☐	☐
2	Қорада ұстау	☐	☐	☐	☐
2.1	о д а н : бордақылау	☐	☐	☐	☐
3	Қорада ұстау ж ә н е жайылымда жаю	☐	☐	☐	☐

4	Шалғай жайылым	☐	☐	☐	☐
---	-------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------

V бөлім. Балық өсіру

10. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсірумен айналыса ма? "√" белгісімен белгіленеді

иә

☐

жоқ

☐

VI бөлімге өтіңіз

10.1 Өсірілетін балықтың түрін көрсетіңіз

10.2 Балық өсірудің жобалық қуатын көрсетіңіз, жылына тонна

үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

10.3 Сіздің кәсіпорныңыздың (шаруашылығыңыздың) балық өсіру шаруашылығының типін көрсетіңіз

Жол коды	Шаруашылық типі	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Тоғанда балық өсіру шаруашылығы	☐
2	Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы	☐
3	Тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы	☐
4	Сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығы	☐
5	Басқа	☐

10.4 Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) отандық өндірістің балықтарға арналған жемдерін пайдалана ма?

иә

☐

жоқ

☐

10.5 Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) отандық өндірістің балық өсіру материалын (балық құртшабақтары) пайдалана ма?

иә

☐

жоқ

☐

VI Бөлім. Жер ресурстары және оларды пайдалану

11. Сіздің кәсіпорныңызға (шаруашылығыңызға) жер учаскесіне меншік құқығы тіркелген-тіркелмегенін көрсетіңіз

алаң үтірден кейін бір белгімен белгіленеді

Кадастрлық нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

(1-учаске)

алаңы (га²)

--	--	--

Кадастрлық нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

(2-учаске)

алаңы (га²)

--	--	--

Ескертпе:

²Мұнда және бұдан әрі "га" – гектар

11.1 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің сипаттамасы

(1 сотық = 100 ш. м3; 1 га2 = 100 сотық; 1 га2 = 10 000 ш.м3)

алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	алаңы (га2)
А	Б	1
1	Жер ресурстары	X
1.1	меншік құқығымен бекітілген жер	
1.2	жерді уақытша пайдалану (жалға алу) құқығымен бекітілген жер	
1.3	Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жер	

1.4	Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жер	
2	Жерді пайдалану	X
2.1	Жалпы жер алаңы	
	одан:	X
2.1.1	ауыл шаруашылығы алқаптары	
	одан:	X
2.1.1.1	егістік жер, барлығы	
2.1.1.1.1	одан: нақты суармалы	
2.1.1.1.2	оның ішінде: сүрі жерлер	
2.1.1.2	тыңайған жер (уақытша пайдаланылмайтын егістік)	
2.1.1.3	көпжылдық екпелер	
2.1.1.4	шабындықтар	
2.1.1.5	жайылымдар	
2.1.1.5.1	одан: жақсартылған	
2.1.2	ауыл шаруашылығына жатпайтын алқаптар - барлығы	

Егер 2.1.1.1.1 жолдың кодын белгілесеніз, онда → 12-сұраққа өтіңіз

12. Кәсіпорында (шаруашылық) қолданылатын суару әдістері мен көздерін көрсетіңіз

тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді

12.1. Суару әдістері

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Суару әдістері	"√" белгісімен белгіленеді
A	B	1
1	Жаңбырлатып суару	☐
2	Тамшылатып суару	☐
3	Спринклерлі суару	☐
4	Жаппай бастыра суару	☐
5	Атызбен суару	☐

12.2. Суару көздері

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Суару көздері	"√" белгісімен белгіленеді
A	B	1
1	Жалпы суару жүйесінен	
2	Табиғи (көлдер, өзендер, бұлақтар)	
3	Су қоймасы (бассейн)	

4	Терең ұңғымалардан (жер асты)	
5	Таяз құдық	

Ескертпе:

³Мұнда және бұдан әрі "ш.м." – шаршы метр

VII бөлім. Маусымдық және көпжылдық дақылдардың егіс алқабы

Кәсіпорын (шаруашылық) өсімдік шаруашылығымен айналыспаса, VIII бөлімге өтіңіз

13. 2024 жылғы егіске арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын (Бірлескен қызмет туралы шарт бойынша пайдаланылатын алаңды қоса алғанда) көрсетіңіз

Егіс нақты себілген аумақты (облыс, аудан) ӘАОЖ⁴ анықтамалығынан таңдаңыз.

13.1 Дәнді және майлы дақылдар бойынша егіс алқабы

алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі, га²

Жол коды	А у ы л шаруашылығы дақылдарының атауы	АШӨСЖ ¹ коды	1-учаске ӘАОЖ ⁴ _____			
			Барлығы	одан: элиталық (будан) тұқым егілген	I-II және III репродукцияның	III төмен репродукцияның
А	Б	В	1	2	3	4

жалғасы

Жол коды	А у ы л шаруашылығы дақылдарының атауы	АШӨСЖ ¹ коды	2-учаске (ӘАОЖ ⁴ _____)			
			барлығы	одан: элиталық (будан) тұқым егілген	I-II және III репродукцияның	III төмен репродукцияның
А	Б	В	1	2	3	4

13.2 Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілердің егіс алқабы

алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі, га²

Жол коды	Дақылдың атауы	АШӨСЖ ¹ коды	1-учаске (ӘАОЖ ⁴ _____)	2-учаске(ӘАОЖ ⁴ _____)
А	Б	В	1	3

Ескертпе:

⁴Мұнда және бұдан әрі ӘАОЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналтырылған "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне" сәйкес толтырылады.

14. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша көпжылдық дақылдардың алаңы мен санын көрсетіңіз
алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Көпжылдық дақылдардың атауы	АШӨСЖ1 коды	1-учаске (ӘАОЖ4 _____)
			Жеміс салу жасындағы көпжылдық екпелер алқабы, ш.м
A	Б	В	1

жалғасы

Жол коды	Көпжылдық дақылдардың атауы	АШӨСЖ1 коды	2-учаске (ӘАОЖ4 _____)
			Жеміс салу жасындағы к? пжылдық екпелер алқабы , ш.м
A	Б	В	1

15. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жылыжайлардың саны мен алаңын көрсетіңіз
алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	барлығы	колда бары:		жалпы алаңнан (1-бағаннан)
			жекеменшік (жалға берілгендерді қоспағанда)	жалға алынған	жылытылатын
A	Б	1	2	3	4
1	жылыжайлар саны, бірлік				x
2	жалпы алаңы, ш. м. ³ .				

16. Жабық топырақта отырғызу алаңын көрсетіңіз, ш.м.3
алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	АШӨСЖ1 коды	Пайдаланылатын алаң, ш. м. ³
A	Б	В	1

17. 2024 жылғы егіске арналған қандай тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау және топырақтың сапасын жақсарту құралдары қолданылды?

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Тыңайтылған (өңделген) алаң, га ²	Отандық өндіріс өнімдері қолданылды	Отандық өндірістің үлесін көрсетіңіз "√" белгісімен белгіленеді		
				0 -30%	31-60%	61-100%
A	Б	1	2	3	4	5

1	Минералды тыңайтқыштар		X	X	X	X
	одан:		X	X	X	X
1.1	азотты		☐	☐	☐	☐
1.2	фосфорлы		☐	☐	☐	☐
1.3	калийлі		☐	☐	☐	☐
1.4	кешенді		☐	☐	☐	☐
2	Органикалық тыңайтқыштар		X	X	X	X
	соның ішінде:		X	X	X	X
2.1	көң		X	X	X	X
3	Биотыңайтқыштар		☐	☐	☐	☐
4	Пестицидтер:		X	X	X	X
	соның ішінде		X	X	X	X
4.1	гербицидтер		☐	☐	☐	☐
4.2	инсектицидтер		☐	☐	☐	☐
4.3	фунгицидтер		☐	☐	☐	☐
5	Топырақты әктеу		X	X	X	X
6	Топырақты гипстеу		X	X	X	X
7	Топырақты фосфорлау		X	X	X	X
8	Басқа		X	X	X	X

VIII бөлім. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу

18. Кәсіпорын (шаруашылық) 2024 жылы ауылшаруашылық өнімдерін қандай өткізу арналары арқылы өткізгенін көрсетіңіз

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді

Жол коды	Өнім түрлері	Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу арналары:						
		дайындау ұйымдарына	қайта өңдеу кәсіпорындарына	сауда желісі және қоғамдық тамақтандыру желісі арқылы	экспортқа	ауыл шаруашылығы кооперативтеріне	делдарларға	халыққа

[illegible]

IX бөлім. Техникалық құралдар, өндірістік үй-жайлар

19. Құрылыстар мен имараттардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Саны, бірлік	одан:		Жалпы алаңы, ш. м ³	жалпы сыйымдылығы, тонна
			жекеменшік (жалға берілгендерді қоспағанда)	жалға алынған		
А	Б	1	2	3	4	5
1	Астық-тұқым сақтау қоймалары (жемшөп қоймаларын қоса)					
2	Көкөніс-картоп сақтау қоймалары					
3	Тамыржемістілерді сақтау қоймалары (мал азығы үшін)					
4	Жеміс сақтау қоймалары (жеміс-жидек қоймаларын қоса)					
5	Минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар					
6	Мұнай және мұнай өнімдерін сақтау үшін мамандандырылған қойма					X
7	Тоңазытқыш қоймалары					X
8	Мал сою алаңдары					X
9	Жөндеу шеберханалары					X
	Техникалық қызмет көрсетудің					

10	стационарлық пункттері					X
11	Көңді жинауға және оны ферменттеуге арналған үй-жайлар					
12	Өзге де құрылыстар					

20. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған құрылыстар мен имараттардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз (1-6 және 8-жолдарды толтыру кезінде қайталауды болдырмауға назар аударыңыз)

Жол коды	Атауы	Саны, бірлік	Жалпы алаңы (ш. м³)	Сыйымдылығы, мал орны (құс орны)
A	Б	1	2	3
1	Ірі қара мал ұстауға арналған қоралар			
2	Қой-ешкі ұстауға арналған қоралар			
3	Жылқыларды ұстауға арналған қоралар			
4	Түйелерді ұстауға арналған қоралар			
5	Шошқаларды ұстауға арналған қоралар			
6	Құс ұстауға арналған үй-жайлар (құс фабрикаларынан басқа)			
7	Құс фабрикалары			
8	Малдың бірнеше түрін ұстауға арналған қоралар			X
9	Өзге де мал түрлерін ұстауға арналған қоралар			X

21. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорынның (шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы техникалары, машиналары мен жабдықтарының санын көрсетіңіз

Жол коды	Ауыл шаруашыл	Барлығы, дана	одан:				
				жекеменшік (жалға		лизингте	10 жылдан астам пайдаланылмайтын,

	ы ғ ы техникасы ның атауы		отандық өндіріс	берілгенді қоспағанд а)	жалға алынған		пайдалану мерзіміме н	жөндеуге келмейтін
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
Өздігінен жүретін техника								
Тіркеме, аспалы және өзге де ауыл шаруашылығы техникасы								
							х	х
							х	х
							х	х
							х	х
							х	х
							х	х
Жабдықтар								

Х бөлім. Органикалық өнім өндіру

22. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) органикалық өнім өндірумен айналыса ма?

иә

☐

жоқ

☐

XI бөлімге көшу

22.1. Органикалық өнімді санаттары бойынша өндіру

тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Өсімдік шаруашылығы	Мал шаруашылығы
А	Б	1	2
1	Органикалық өнім өндіру	☐	☐
1.1	Органикалық өнімді өндіру процесін сәйкестікті растау жөніндегі отандық орган сертификаттаған	☐	☐
1.2	Органикалық өнімді өндіру процесін сәйкестікті растау жөніндегі шетелдік орган сертификаттаған	☐	☐
2	Өтпелі кезең өнімдерін өндіру	☐	☐

22.2. Органикалық өнімді өсіру үшін пайдаланылатын алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

--	--	--	--

Жол коды	Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері	АШӨСЖ ¹ коды	Алаңы, га ²
А	Б	В	1

22.3. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша органикалық мал шаруашылығындағы ауыл шаруашылығы жануарларының саны

Жол коды	Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері	АШӨСЖ1 коды	Саны, бас
А	Б	В	1

XI бөлім. Ауылшаруашылық емес қызмет

23. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығымен байланысты емес қандай қызмет түрлерін жүзеге асырады?

бірнеше жауап түрлері белгіленеді

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді	Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1	А	Б	1
1	Сүт өңдеу	☐	8	Жүнді алғашқы өңдеу	☐
2	Ет өңдеу	☐	9	Өңдеудің басқа түрлері	☐
3	Май және тоң май өнімдерін өндіру	☐	10	Жем өндірісі	☐
4	Астықты терең өңдеу	☐	11	Агротуризм	☐
5	Жемістер мен көкөністерді өңдеу	☐	12	Сауда	☐
6	Балық өңдеу	☐	13	Көлік	☐
7	А у ы л шаруашылығы жануарларының терісін алғашқы өңдеу	☐	14	Қолөнер	☐
			15	Қызметтің басқа да түрлері	☐

XII бөлім. Шаруашылық қызметті жүргізу шарттары

24. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) 2024 жылы ауылшаруашылық қызметін жүргізу үшін үшінші тұлғалардың қандай қызметтерін қолданғанын көрсетіңіз

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1
1	Топырақ дайындау	☐
		☐

2	Ауыл шаруашылығы дақылдарын себу және жинау	
3	Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулар мен зиянкестерден қорғау қызметтері	☐
4	Жем- шөпті жеткізу	☐
5	Жануарларды ұстау және күтіп-баптау	☐
6	Қойларды қырку	☐
7	Ветеринариялық қызмет	☐
8	Жасанды ұрыктандыру	☐
9	Агрономдар, экономистер және басқа мамандардың кеңестері	☐
10	Су беру (суару үшін)	☐
11	Көлік қызметтері	☐
12	Астықты қоймаға қою және сақтау	☐
13	Басқа	☐
14	Үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдаланбады	☐

25. Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) аграрлық шаруашылықты басқаруда жаңа цифрлық технологиялар мен автоматтандыру құралдарын пайдалана ма? бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1
1	Мобильді немесе онлайн қолданбалар	☐
2	Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ)	☐
3	Басқаруды/жұмыс процесін автоматтандыру (өндірісте адами факторды алып тастау)	☐
4	Қоршаған орта жағдайын мониторингтеу жүйесі	☐
5	"Ақылды" өлшеу құрылғылары (топырақ, өсімдіктер, микроклимат және т.б. параметрлерін өлшеу)	☐
6	Ауыл шаруашылығы объектілерін мониторингтеуге арналған дрондар, пилотсыз құралдар	☐
		☐

7	"Ақылды" ауыл шаруашылығы техникасы	
8	GPS5 жүйелері	☐
9	Басқа	☐
10	Цифрлық технологияларды, автоматтандыру құралдарын пайдаланбады	☐

Ескертпе:

⁵GPS – Жаһандық позициялау жүйесі (ағылшынша Global Positioning System)

26. Сіздің кәсіпорныңызға (шаруашылығыңызға) ауыл шаруашылығы мақсаты үшін субсидия ұсынылды ма?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады, тиісті жауап нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді

Жол коды	Субсидиялау бағыттары	Субсидия ұсынылды	соның ішінде соңғы 12 ай ішінде
А	Б	1	2
1	Өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру	☐	☐
2	Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жіберу бойынша қызметтердің құны	☐	☐
3	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру	☐	☐
4	Қайта өңдеу кәсіпорындарының терең қайта өңдеуге өнімді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға шығындары	☐	☐
5	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника және технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемелері	☐	☐
6	Инвестициялық салым кезінде агроөнеркәсіптік	☐	

	кешеннің субъектілері шеккен шығыстар бөлігін өтеу бойынша		☐
7	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру және кепілдік беру шеңберінде	☐	☐
8	Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерінің кредит және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелері	☐	☐
9	Сақтандыру сыйлықақылары	☐	☐
10	Басқа	☐	☐
11	Субсидия алған жоқ	☐	

27. Соңғы 12 айда Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) кредит қаражатын тартты ма?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Кредит мерзімі (ай)		
		12 айға жетпей	12-35	36 және оданда көп
А	Б	1	2	3
1	Айналым қаражатын толықтыруға арналған қысқа мерзімді кредиттер	☐	☐	☐
2	Жер учаскелерін сатып алуға арналған кредиттер	☐	☐	☐
3	Техника, машиналар мен жабдықтарды сатып алуға кредиттер	☐	☐	☐
4	Жаңа өндірістік объектілердің құрылысына арналған кредиттер	☐	☐	☐
5	А у ы л шаруашылығы жануарларын сатып алуға кредиттер	☐	☐	☐
	Өндірістік объектілерді жаңғыртуға, қайта	☐	☐	

6	құруға инвестициялық кредиттер			☐
7	"Ауыл аманаты" жобасы шеңберіндегі жеңілдікті кредиттер	☐	☐	☐
8	Басқа қарыз қаражаттары	☐	☐	☐
9	Кредит қаражаттары тартылмады	☐		

28. Егер Сіздің кәсіпорныңыз (шаруашылығыңыз) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болса, қайсысының мүшесі екенін көрсетіңіз?

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1
1	Өндіріс	☐
2	Өткізу	☐
3	Сервис	☐
4	Өңдеу	☐
5	Өзге	☐
6	Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі емес	☐

Кәсіпорын (шаруашылықтың) басшысы немесе оның міндеттерін орындаушы адам
ТАӘ (бар болса) _____

байланыс телефонының нөмірі: _____

электронды мекенжай: _____

Сұрақнаманы толтыруға кеткен уақыт, мин

--	--	--

Ескертпе:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

"Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары" пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары" (индексі 2-АШК/ШФҚ кезеңділігі біржолғы) санақ парағы қосымшасында келтірілген

"Ауыл шаруашылығы
кәсіпорындары, шаруа немесе
фермер қожалықтары"
(индексі 2-АШК/ШФҚ
кезеңділігі біржолғы)
санақ парағына
қосымша

"Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары" (индексі 2-АШК/ШФҚ, кезеңділігі біржолғы) пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа немесе фермер қожалықтары" пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын (индексі 2-АШЖ/ШФҚ, кезеңділігі біржолғы) (бұдан әрі – санақ парағы) толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) астық – тағамдық, тұқымдық, мал азығы және техникалық мақсаттар үшін пайдаланылатын дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдардың өнімдері;

2) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – астық сақтауға арналған мамандандырылған техникалық имарат;

3) атыздар (егістер арасындағы суы бар арналар – суды егістер арасындағы суы бар арналар бойынша бөлу;

4) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

5) ауыл шаруашылығы кәсіпорны – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен және қайта өңдеумен айналысатын, ауыл шаруашылығы саласында қызмет көрсететін заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

6) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы (АШӨСЖ) – өнімді экономикалық қызмет түрлері бойынша сыныптау және кодтау тәртібін белгілейтін сыныптаушы;

7) балық өсіру материалы – балық өсіру объектісіне қарай, су айдындарына балық жіберуге арналған дернәсілдер, құртшабақтар, шабақтар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтары;

8) биомасса – жабайы табиғатта әрдайым болатын және адам жасанды жағдайда қажетті мөлшерде ала алатын жаңартылатын ресурс (биоотын өндіру үшін жарамды өсімдіктер - жүгері, бидай және басқалар);

9) биоэнергетикалық қондырғылар – тірі энергия қағидаттарына негізделген энергияны түрлендіру технологияларын қоса алғанда, биомассадаң жылу мен энергия өндіруге негізделген қондырғылар;

10) ветеринариялық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі.

11) жаңбырлату әдісі (суару) – дақылдар учаскелері бойынша жаңбыр түрінде үлкен қысыммен суару;

12) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

13) жылыжайлардың жалпы алаңы – өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге, олардың арасынан өтуге арналған орын), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй-жайлардың алаңы;

14) имарат – табиғи немесе жасанды кеңістіктік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыру және сақтау немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (жылжытуға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды дайындалған көлемдік, жазықтықты немесе желілік (жер үсті, су беті және (немесе) жерасты, суасты) нысан;

15) күн батареялары – күн энергиясын тұрақты электр тогына тікелей түрлендіретін жартылай өткізгіш құрылғылардың бірнеше біріктірілген фотоэлектрлік түрлендіргіштері (фотоэлементтер);

16) қосалқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімді өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі;

17) көпжылғы дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәндік, тұқымдас және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар;

18) құрама жем – белгілі бір түрі, типі және өнімділігі бойынша жануарларды толық азықтандыруды қамтамасыз ететін түрлі азық және азық қоспаларының қажетті мөлшеріне дейін қоспалардан тазартылған және ұсақталған қоспа;

19) майлы дақылдар – тоң май алу үшін өсірілетін өсімдіктер;

20) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары және майлы тұқымдар, көкөністер және бақша, тамыр-жемісті және түйнекжеміс (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты дақылдар (мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

21) минералды тыңайтқыштар – өсімдікке қажетті қоректік заттарды қамтитын және топырақтың қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін енгізілетін химиялық қосылыстар;

22) органикалық өсімдік шаруашылығы – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбай, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

23) органикалық мал шаруашылығы – өсірудің экстенсивті және табиғи әдістерін пайдалана отырып, жемшөптердің табиғи көздеріне толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайда ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру;

24) органикалық тыңайтқыштар – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбай, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

25) өсімдік шаруашылығы өнімдері – ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, көкөністер, қант қызылшасы, мақта және басқалар) өңдеу процесінде алынған өнім;

26) пайдаланылмайтын (бос) жерлер – бір немесе одан да көп егіс маусымы бойы уақытша тұқым себілмеген жерлер;

27) парник – көшеттер мен көкөністерді өсіруге арналған, имараттың сыртындағы өсімдіктерге күтім жасайтын, көктемде, ішінара жазда және күзде пайдаланылатын, мөлдір жабыны бар культивациялық имарат;

28) пестицидтер – өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларымен, арамшөптермен, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімінің зиянкестерімен, тұрмыстық зиянкестермен және жануарлардың сыртқы паразиттерімен күресу үшін, сондай-ақ өсімдіктердің өсуін реттеу, жинау алдында жапырақтарды алып тастау (дефолианттар), өсімдіктерді жинау алдында кептіру (десиканттар) үшін пайдаланылатын химиялық немесе биологиялық препараттар;

29) сою алаңы (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңы) - ет өңдейтін кәсіпорын немесе сою пункттері жоқ кезеңде, ветеринариялық-санитариялық ережелер сақталып және жануар мен оның сойылған өнімдеріне ветеринариялық тексеру жүргізе отырып, мал сою үшін белгіленетін бейімделген үй-жай (орын);

30) сою пункті – ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізіле отырып, жануарларды соятын және жануарлардың сойылған өнімдерін бастапқы өңдейтін жабдықтармен жарақтандырылған, ветеринариялық-санитариялық нормалар мен талаптарға сай келетін мамандандырылған үй-жай;

31) суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығын пайдалануға және суаруға жарамды, тұрақты немесе уақытша суару желісі бар жерлер;

32) табиғи – суару үшін жасалмаған таяз көлдер, табиғи арналар немесе өзендер немесе жер үсті суларының жасанды су айдындары (көлдер, өзендер, бұлақтар) судың бастапқы көзі жаңбыр суы немесе резервуарға жиналған жер асты сулары болуы мүмкін;

33) тамшылату әдісі – өсімдікке су тамызу әдісімен немесе микро суару, сондай-ақ тұман жағдайын жасау арқылы дақылдарды суару;

34) терең ұңғымалардан – байқау бірлігінің аумағында/ немесе оған жақын орналасқан су көзі; пайдаланылатын су артезиан ұңғымаларынан немесе табиғи жер асты қабатынан (жерасты табиғи көздері немесе басқа да осыған ұқсас көздер) сорғымен айдалады;

35) тоғандар мен бассейндер – суды ұстау және су айналымын қамтамасыз етуге қабілетті жер деңгейінен жоғары немесе төмен салынған жасанды бірліктер;

36) шарбақтар – табиғи су айналымына мүмкіндік беретін кіріктіре орнатылған ау, сымды тор немесе кез келген өзге торланған материалдармен қоршалған ашық немесе жабық құрылымдар;

37) экономикалық қызметтің негізгі түрі – шаруашылық жүргізуші субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түріне қосылған құн салығынан асатын қызмет түрі;

38) экологиялық таза өнім – бұл экологиялық таза технологиялар мен жабдықтардың көмегімен өндірілген, құрамындағы зиянды заттар қоршаған ортаға және адамның денсаулығына залал келтірмейтін қолайлы қоршаған ортаға тасымалданған және сақталған өнім;

3. Санақ парағын Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) 01.1-01.6 "Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы және осы салаларда қызметтер көрсету", 03.2 "Балық өсіру" кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қайталама түрлерімен ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, дара кәсіпкерлер ұсынады.

4. I бөлімде кәсіпорынның (шаруашылықтың) жалпы сипаттамалары көрсетіледі. 1-сұрақта, егер кәсіпорын (шаруашылық) 2023 жылы және 2024 жылдың I жартыжылдығында ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асырмаған (кез келген себептер бойынша өз қызметін тоқтатқан немесе тоқтата тұрған) жағдайда, "Жоқ" өрісіне "√" белгісі қойылады, егер өндірістік қызметті жүзеге асырған болса "√" белгісі "иә" өрісіне қойылады.

2-сұрақта ЭҚЖЖ сәйкес 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорын (шаруашылық) айналысқан кәсіпорын (шаруашылық) қызметінің түрлері көрсетіледі.

5. II бөлімде кәсіпорындар (шаруашылықтар) үшін 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша инженерлік-техникалық коммуникациялардың (магистральдық желілер, байланыс қызметтері және сол сияқтылар), электрмен/жылумен/сумен жабдықтаудың автономды көздерінің бар-жоғы және ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының (100 км радиуста) қолжетімділігі көрсетіледі.

Егер стационарлық телефон аппараты, оның ішінде радиотелефон орнатылған болса және байланыс операторларымен шарт болса, тіркелген телефон байланысы деп есептеледі.

Егер модем, оның ішінде wi-fi орнатылған болса және байланыс операторларымен шарт болса, интернетке тіркелген қолжетімділік бар деп есептеледі.

Егер тұрғын үйде ұялы байланыс сигналы болса және браузерлер арқылы веб-беттер ашылса (ұялы телефонның көмегімен тексеруге болады) мобильді интернет деп есептеледі.

6. III бөлімде соңғы 12 айдағы келесі мәліметтер (2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) көрсетіледі:

- басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам туралы ақпарат;
- орташа алғанда жұмыскерлердің тізімдік саны;
- тұрақты жұмыскерлердің жекелеген жас топтары бойынша білімі мен саны;
- бір жұмыскердің жұмыс істеген адам-сағаттарының саны;
- ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылған шетелдік еңбек мигранттарының саны

Кестеде еңбек шарттары мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар негізінде кәсіпорында (шаруашылықта) жұмыс істейтіндердің барлығы және тұрақты негізде жұмыс істейтіндердің саны мен маусымдық жұмыскерлердің санын бөле отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін жұмыскерлердің саны (соңғы 12 айдағы орташа) қойылады. Жұмыскерлердің орташа саны соңғы 12 айдағы (2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) жұмыскерлер санын қосып, алынған соманы 12-ге бөлу арқылы анықталады.

7.2-сұрақта бір тұрақты жұмыскердің соңғы 12 айдағы (2024 жылғы 1 тамыздағы) жұмыс істеген адам-сағаттарының орташа саны көрсетіледі. Толық жұмыс уақыты (бес күн, 246-248 жұмыс күні, бір күн – 8 сағат) кемінде 1980 сағат. Толық жұмыс уақытының 25%-дан азы – 495 сағаттан аз, толық жұмыс уақытының 25%-дан 49%-ға дейін – 496-990 сағат, 50%-дан 74%-ға дейін – 991-ден 1485 сағатқа дейін, 75%-99%-дан 1486-дан 1980 сағатқа дейін және 1981 сағаттан артық.

7. IV бөлімнің 8-сұрағында 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорынға (шаруашылыққа) меншік құқығымен бекітілген, сондай-ақ жалға немесе пайдалануға алынған мал, құс, өзге де жануарлар Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығына (бұдан әрі – АШӨСЖ) сәйкес қай жерде (мал шаруашылығы үй-жайларында, шалғай жайылымдарда) екеніне қарамастан, көрсетіледі. 1-бағанда қолда бар ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың жалпы саны жыныс жас топтары бойынша нақты санымен (бал аралары – отбасы саны) көрсетіледі. 2-бағанда жалға немесе пайдалануға алынған мал саны көрсетіледі.

2024 жылдың 1 тамызынан кейін сатылған, сойылған немесе өлген жануарлар қолда бар мал санына жазылуы керек. 2024 жылғы 1 тамыздан кейін туылған және/немесе сатып алынған жануарлар есепке алынбайды.

9-сұрақта кәсіпорын (шаруашылық) қолданатын жануарларды ұстау жүйелері көрсетіледі.

Жайылымда ұстаған кезде мал жайылып, азығын өзі табады.

Малды қорада ұстау кезінде мал механикаландыру деңгейі жоғары күрделі имараттарда ұсталады және жемдері алдындағы астауларында болады, жазда мал жеңіл типтегі имараттары бар қораларға ауыстырылады (қора-лагерьде ұстау).

Қорада ұстау және жайылымда жаю кезінде мал қыста үй-жайда, ал жазда табиғи және жақсартылған жайылымдарда болады.

Шалғай жайылымда ұстау кезінде мал бір жайылымнан екіншісіне (мысалы, алқаптан таулы жайылымға) айдалады (немесе тасымалданады).

8. V бөлімде, егер кәсіпорын (шаруашылық) балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсіруді жүзеге асырса (2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша), онда "Иә" жолына "√" белгісі қойылады.

10.1-сұрақта АШӨСЖ сәйкес өсірілетін балықтың түрі, 10.2-сұрақта жылына балықты өсірудің жобалық қуаттылығы тоннамен көрсетіледі.

10.3-сұрақта балық өсіру шаруашылығының типі көрсетіледі:

сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылығы – сумен қамтамасыз етудің тұйықталған циклі технологиясы қолданыла отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын қолдан өсіруге байланысты шаруашылық қызмет түрі;

көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы – табиғи және жасанды су айдындарында ихтиофаунаны толық немесе ішінара ауыстыру арқылы жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі;

тоғанда балық өсіру шаруашылығы – балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын пайдалана отырып, балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы – табиғи және жасанды су айдындарында орналасқан және жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда ұстауға мүмкіндік беретін арнаулы құрылғыларда (тор қоршамаларда) балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

10.4, 10.5-сұрақтарда отандық өндірістің балықтарға арналған жемдерін мен балық өсіру материалдарын (балық құртшабақтары) пайдалану "√" белгісімен белгіленеді.

9. VI бөлімде жер ресурстары, суару әдістері мен көздері туралы ақпарат көрсетіледі. 11-сұрақта кәсіпорынға (шаруашылыққа) меншік құқығымен бекітілген, санақ жүргізу күніне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді және басқа да санаттарды қоса алғанда, жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлері көрсетіледі. 11.1-сұрақтың 1-бағанында жер алаңы үтірден кейін бір белгімен, гектарда көрсетіледі. Кәсіпорын (шаруашылық) жерінің жалпы алаңында уақытша жер пайдалану (жалға алу) және бірлескен қызмет туралы шарт (жалға берілгендерді есепке алмағанда)

құқықтарында бекітілгендерді ескере отырып, меншік құқығындағы жер алаңы көрсетіледі. Жалпы алаң ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша бөлінеді: егістік, шабындық, жайылым, тыңайған жерлер.

Егістік – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері, сондай-ақ сүрі жер.

Жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп қажеттілігінен асатын жағдайларда, жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға рұқсат етіледі;

табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері;

тыңайған жер - бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі;

10. VII бөлімнің 13 және 14-сұрақтарында, егер ауыл шаруашылығы қызметі бірнеше ауданның және (немесе) облыстың/қаланың аумағында жүзеге асырылса, онда Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес әрбір аумақ бойынша мәліметтер жеке көрсетіледі, яғни деректер егіс алаңдарының орналасқан жері бойынша көрсетіледі. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарында уақытша жер пайдалану (жалға алу) және (немесе) бірлескен қызмет туралы шарт құқықтарында пайдаланылатын жерлердегі егістерді қоса алғанда, 2024 жылғы егіске арналған егістердің нақты мөлшері көрсетіледі.

2024 жылғы егін алқаптарының мөлшерін анықтау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алу керек.

1) Жалпы егіс алаңына және дақылдар түрлері бойынша мына егістер енгізіледі :
- 2024 жылғы 1 тамызға сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;
- 2024 жылғы 1 тамызға сақталған жаздық дақылдардың негізгі дақылдары (қайта егуді есептемегенде).

2) Жалпы егіс алаңына мыналар енгізілмейді:
- жасыл тыңайтқышқа өндірілген дақылдар (сидералды егістер);
- алдын ала жыртылғаннан кейін табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібімен жүргізілген көпжылдық шөптердің егістері (шалғындандыру үшін көпжылдық шөптердің егістері).

Дақылдар бойынша олардың егістіктері, оның ішінде элиталық (будандармен), I, II, III репродукцияның, III төмен репродукцияның тұқымдары егілген жалпы алаң көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері мен сорттары бойынша егіс алқаптарында 2024 жылғы егіске арналған егістердің нақты мөлшері (Бірлескен қызмет туралы шарттар бойынша пайдаланылатын алқаптарды қоса алғанда) көрсетіледі. Дәнді және майлы дақылдар бойынша элиталық (гибридті), I, II, III репродукцияның, III төмен репродукцияның тұқымдары егілген егіс алқаптары бөлінеді.

Элиталық тұқымдар – ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түпнұсқа тұқымынан алынған және тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келеді. Будан тұқымдар – генетикалық айырмашылығы бар аналық нысандарды будандастырудан алынған және гетерозис нәтижесінде шығымдылығы немесе өзге де көрсеткіштері бойынша ең үздік аналық нысаннан асып түсетін өсімдіктердің тұқымдары. Тұқымдардың репродукциясы - бірінші жылы элиталық тұқымды себуден есептелетін қайта себу тізбегі, бірінші жыл – бірінші репродукция, екінші жыл – екінші репродукция, үшінші жыл – үшінші репродукция, төртінші жыл – төртінші репродукция, бесінші жыл – бесінші репродукция, алтыншы жыл – жаппай репродукция.

14-сұрақта 2024 жылғы 1 тамызға АШӨСЖ сәйкес көпжылдық дақылдар алаңының (гектармен) мөлшері көрсетіледі.

Жауап беру кезінде мыналарды ескеру қажет:

дәнді, сүйекті, жаңғақ тұқымдарының ағаштары алғашқы жемістер пайда болғаннан кейінгі үшінші-төртінші жылы жеміс беретін жасқа енген болып саналады;

жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшеттермен отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) - екінші жылы, жүзім-бесінші жылы;

жеміс беретін жасқа жеткен екпелер санақтың алдындағы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, теңіз шырғаны екпелері бұталардың алаңы мен саны, бүлдірген (құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

1 сотық - 100 ш. м. 1 гектар - 100 сотық

10 сотық – 1000 ш. м. 1 га -10000 ш. м.

100 ш. м. – 0,01 га 1000 ш. м. - 0,1 га

13-сұрақта жыл соңына дейін жоспарланғандарды қоса алғанда, барлық айналымдарды ескере отырып, жылыжайлардың (қысқы, көктемгі) саны мен алаңы көрсетіледі.

16-сұрақта көкөністер, жидек дақылдары, саңырауқұлақтар, гүлдер егілген жабық топырақта отырғызу алаңдары көрсетіледі.

17-сұрақта 2024 жылғы егіске қолданылатын тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау және топырақ сапасын жақсарту құралдары көрсетіледі. 1-бағанда тыңайтқыш

енгізілген (өңделген) алаң гектармен көрсетіледі. 2-бағанда отандық өндіріс өнімі пайдаланылған жағдайда "√" белгісі қойылады, 3-5-бағандарда енгізілген тыңайтқыштардың (құралдардың) жалпы көлемінен отандық өндіріс өнімі қандай арақатынаста пайдаланылғаны көрсетіледі.

11. VIII бөлімде ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша өткізу арналары көрсетіледі, "√" белгісімен бір немесе бірнеше нұсқа көрсетіледі.

12. IX бөлімде ауыл шаруашылығын жүргізуге арналған техникалық құралдар, өндірістік үй-жайлар көрсетіледі.

19-сұрақта имараттар мен құрылысжайлардың (астық тұқым қоймасы, көкөніс картоп қоймасы, жеміс сақтау қоймасы, минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттарды сақтауға арналған қоймалар және т.б.) болуы туралы ақпарат, олардың саны көрсетіледі, олардан жекеменшік немесе жалға алынған үй-жайлар, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (тоннамен) бөліп көрсетіледі.

Өсімдік шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін сақтауға арналған құрылыстардың сыйымдылығы өнімді сақтаудың агротехникалық және техникалық нормаларына сәйкес өндірістік алаңдарды, механикаландыру құралдарын толық пайдалану және жасанды орта құруды ескере отырып айқындалады.

20-сұрақта жануарларды ұстауға арналған қолда бар имараттар мен құрылысжайлар, олардың саны, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (мал орны, құс орны) көрсетіледі.

Үй-жай жануарлар мен құстарды суаруға, жем-шөп таратуға, көң мен құс саңғырығын шығаруға және сол сияқтыларға арналған жабдықтар болса, жабдықталған болып саналады.

1 басқа алаңның нормасы (ш.м.): ірі қара мен жылқы 4-5, бұзау мен құлын 1,5-3, қой мен ешкі 0,5-2, шошқа 1-7.

21-сұрақта іс жүзінде қолданылуына және техникалық жай-күйіне қарамастан, отандық және импорттық өндірістің, барлық типтегі мен маркалы, жұмыс істейтін; жұмыс істемейтін, бірақ әлі баланстан шығарылмаған, жөндеудегі ауыл шаруашылығы техникасы, машиналары мен жабдықтары көрсетіледі.

13. X бөлімінде органикалық өнім өндіру жөніндегі мәліметтер көрсетіледі. Органикалық өнім өндіруді жүзеге асыратын немесе өтпелі кезеңдегі өнім өндіру сатысында тұрған кәсіпорын толтырады.

22-сұрақта өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы бойынша органикалық өнімді қолдану жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

22.1-кіші сұрақта органикалық өнім өндіру санаттары бойынша "√" белгісімен белгіленеді: отандық немесе шетелдік орган сертификаттаған өндіріс процесі және өтпелі кезең.

22.2-кіші сұрақта түрлері (дәнді дақылдар, бұршақ дақылдары, майлы дақылдар, көкөніс, бақша дақылдары, тамыр және түйнек дақылдары) бойынша органикалық өнімді өсіру үшін пайдаланылатын алаң көрсетіледі.

22.3-кіші сұрақта 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша органикалық мал шаруашылығындағы мал саны (ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері және бас саны) көрсетіледі.

14. XI бөлімде ауыл шаруашылығы емес қызмет, кәсіпорын (шаруашылық) соңғы 12 айда жүзеге асырған ауыл шаруашылығымен байланысты емес қызмет түрлері (сүт, ет, жемістер мен көкөністерді, астықты өңдеу, теріні, жүнді өңдеу, қолөнер және сол сияқтылар) көрсетіледі.

15. XII бөлімде кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу шарттары көрсетіледі.

24-сұрақта оң жауап болған кезде 2024 жылы кәсіпорынға (шаруашылыққа) үшінші тұлғалар ұсынған қызмет түрлері (топырақ дайындау, егу, жинау және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау жөніндегі қызмет, жануарларды күтіп-бағу және күту, ветеринариялық қызмет көрсету, қолдан ұрықтандыру, мамандардың консультациясы және сол сияқтылар) көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады.

25-сұрақта жаңа цифрлық технологияларды (мобильді немесе онлайн - қосымшалар, географиялық ақпараттық жүйелер, қоршаған ортаның жай-күйін мониторингтеу жүйелері, ауыл шаруашылығы объектілерін мониторингтеу үшін дрондар, пилотсыз құралдар, GPS жүйелері және басқалар), аграрлық шаруашылықты басқаруда автоматтандыру құралдарын пайдалану туралы ақпарат көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады.

26-сұрақтың 1-бағанында кәсіпорын (шаруашылық) қызметінің барлық кезеңі үшін кәсіпорынға (шаруашылыққа) өнімділікті, су беру жөніндегі қызметтердің құнын арттыруға, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және т.б. мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялар) беру фактісі, соңғы 12 айдағы 2-бағанда көрсетіледі. Бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады.

27-сұрақта кәсіпорын (шаруашылық) соңғы 12 айда алған кредиттің нысаналы мақсаты мен кредит мерзімдері (қысқа мерзімді кредиттер, жер учаскелерін сатып алуға, техника, машиналар мен жабдықтар сатып алуға, жаңа өндірістік объектілер салуға және басқалар) көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған кредит ауыл шаруашылығы өндірісінің жұмыс істеуіне байланысты мақсаттарда алынған кредиттің кез келген түрін білдіреді.

28-сұрақта кәсіпорынның (шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табылатын-табылмайтыны және қайсысының (өндірістік, өткізу, сервистік, қайта өңдеу және басқалар) мүшесі екені көрсетіледі.

16. Санақ парағын электрондық форматта толтыру интернет желісі арқылы www.sanaq.gov.kz. веб-порталында онлайн режимде жүзеге асырылады.
17. Арифметикалық-логикалық бақылау:
- 1) 7-сұрақ "Орташа алғанда соңғы 12 айдағы (2024 жылғы 1 тамызға) кәсіпорын (шаруашылық) жұмыскерлерінің тізімдік санын көрсетіңіз)":
- 1-жол = 1.1 және 1.2-жолдардың $\sum$, әрбір баған үшін;
- 1.1-жол $\geq$ 1.1.1–1.1.4 жолдардың $\sum$, әрбір баған үшін .
- 2) 7.1-кіші сұрағы "2024 жылғы 1 тамызға соңғы 12 айда ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыспен қамтылған тұрақты жұмыскерлердің тізімдік санын жас құрамы бойынша көрсетіңіз)":
- 1-жол = 1.1-1.3 жолдардың $\sum$, әрбір баған үшін.
- 3) 11.1-кіші сұрағы "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорын (шаруашылық) жерлерінің сипаттамасы":
- 2.1-жол $\leq$ 1.1-1.4 жолдардың $\sum$;
- 2.1-жол $\geq$ 2.1.1 және 2.1.2-жолдардың $\sum$;
- 2.1.1-жол = 2.1.1.1 және 2.1.1.2-2.1.1.5 жолдардың $\sum$;
- 2.1.2-жол = 2.1.2.1-2.1.2.4 жолдардың $\sum$;
- 2.1.1.1-жол $\geq$ 2.1.1.1.1 және 2.1.1.1.2 жолдардың $\sum$;
- 4) 13-сұрақ "2024 жылғы егіске арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын (Бірлескен қызмет туралы шарт бойынша пайдаланылатын алаңды қоса алғанда) көрсетіңіз":
- 1-баған $\geq$ 2-4-бағандардың $\sum$, әрбір жол үшін;
- 5) 15-сұрақ "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жылыжайлардың саны мен алаңын көрсетіңіз, шаршы метр":
- 1-баған = 2 және 3-бағандардың $\sum$, әр жол үшін;
- 1-баған $\geq$ 4-баған, әрбір жол үшін.
- 6) 17-сұрақ "2024 жылғы егіске арналған қандай тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау және топырақтың сапасын жақсарту құралдары қолданылды?":
- 1-жол = 1.1 – 1.4 жолдардың $\sum$, 1 және 2-бағандар үшін;
- 2-жол $\geq$ 2.1-жол, 1 және 2-бағандар үшін;
- 4-жол $\geq$ 4.1-4.3-жолдардың $\sum$, 1 және 2-бағандар үшін.
- 7) 19-сұрақ "Құрылыстар мен имараттардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз":
- 1-баған = 2 және 3-бағандардың $\sum$, әрбір жол үшін;
- 8) 21-сұрақ "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша кәсіпорынның (шаруашылықтың) ауыл шаруашылығы техникалары, машиналары мен жабдықтарының санын көрсетіңіз":
- 1-баған = 2-7-бағандардың $\sum$, әрбір жол үшін.



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Мемлекеттік статистика органдары
құпиялылығына кепілдік береді
Пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағының нысаны
Санақ парағы "www.sanaq.gov.kz"
интернет-ресурсында орналастырылған

Жеке қосалқы шаруашылықтар, саяжай және бақ шаруашылықтары

Индексі 3-ЖҚШ/СБШ

Кезеңділігі: біржолғы

Санақ субъектілері: жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бау-бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы малдары бар үй шаруашылықтары

Ұсыну мерзімі: 2024 жылғы 20 тамыздан бастап 30 қыркүйек аралығында

Нұсқаушы учаскесінің №1

--	--	--	--

Тіркеу учаскесінің №2

--	--	--	--

ӘАОЖ³ коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы _____

Мекенжайы _____

Үйдің (учаскенің) нөмірі _____ пәтер нөмірі _____

Саяжай және (немесе) бау-бақша учаскесі

☐

Саяжай кооперативінің атауы _____

Үй шаруашылығы басшысының ЖСН коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жынысы ер

☐

әйел

☐

Ескертпе:

1.2 Нұсқаушы, тіркеу учаскелерінің нөмірлерін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері береді және мекенжайлар тізілімі планшеттегі мобильді қосымшаға жүктегеннен кейін автоматты түрде көрінеді;

³ЭАОЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған Әкімшілік-аумақтық объектілерінің жіктеушіне сәйкес толтырылады.

I бөлім. Жалпы сипаттамасы

1. 2024 жылғы 1 тамызға үй шаруашылығында Сізбен қоса алғанда тұрақты тұратын адамдардың санын көрсетіңіз, адам

--	--

2. 2024 жылы Сіздің үй шаруашылығыңыз ауылшаруашылық өнімдерін өндірді ме?

Егер үй шаруашылығында маусымдық, көпжылдық дақылдардың егісі, мал немесе құс болса, "ИӘ" деген жолға өтіп, "√" белгісімен белгіленеді

иә ☐ жоқ ☐ → 4, 5, 6, 12, 15, 17, 19, 22-сұрақтарына өтіңіз
↓

3. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мақсатын көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1

1	Жеке тұтыну үшін	☐
2	Жеке тұтыну және сату үшін	☐
	одан:	X
2.1	негізінен (50%-дан астамы) сату үшін	☐
2.2	негізінен (50%-дан астамы) жеке тұтыну үшін	☐
3	Ақшалай кірістің негізгі көзі	☐
4	Ақшалай кірістің қосымша көзі	☐

II бөлім. Инфрақұрылым

4. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Сіздің үй шаруашылығыңызда қандай инженерлік-техникалық коммуникациялар бар екенін көрсетіңіз
бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді	
		иә	жоқ
A	Б	1	2
1	Орталық электрмен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
2	Орталық газбен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
3	Орталық жылу желілеріне қосылу	☐	☐
4	Орталық сумен жабдықтау желілеріне қосылу	☐	☐
5	Байланыс қызметі:	X	X
5.1	бекітілген телефон байланысы	☐	☐
5.2	бекітілген интернет	☐	☐
5.3	мобильді интернет	☐	☐

5. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Сіздің үй-жайыңызда электрмен/жылумен/сумен жабдықтаудың автономды көздерінің бар-жоғын көрсетіңіз
бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді	
		иә	жоқ
A	Б	1	2
1	Автономды электрмен жабдықтау көздері:	X	X

	одан жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға негізделген қондырғылар:	X	X
1.1	күн энергиясы	☐	☐
1.2	жел энергиясы	☐	☐
1.3	биогаз	☐	☐
1.4	геотермалдық энергия	☐	☐
2	Автономды жылумен жабдықтау көздері (жеке қазандықты қоса алғанда)	☐	☐
3	Автономды сумен жабдықтау көздері (жеке су тарту құрылыстары, құдық, ұңғымалар)	☐	☐

6. 2024 жылғы 1 тамызға 100 км радиуста Сіздің үй шаруашылығыңыз үшін ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының қандай объектілері қолжетімді?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді		
		иә	жоқ	жауап беру қиындау
A	B	1	2	3
1	Сою пункттері	☐	☐	☐
2	Сою алаңы	☐	☐	☐
3	Ветеринарлық пункттер	☐	☐	☐
4	А у ы л шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары	☐	☐	☐
4.1	сүт	X	X	X
4.2	ет	☐	☐	☐
4.3	тері және (немесе) жүн	☐	☐	☐
4.4	өсімдік шаруашылығы өнімдері	☐	☐	☐

III бөлім. Еңбек ресурстары

7. 2024 жылғы 1 тамызға Сізді қоса алғанда жеке қосалқы шаруашылықта жұмыспен қамтылған 15 жастағы және одан үлкен үй шаруашылығы мүшелерінің санын көрсетіңіз,

адам

5.1 одан әйелдер:

адам

8. Соңғы 12 айда (2024 жылғы 1 тамызға) Сіз ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін жалдамалы жұмысшыларды тарттыңыз ба?

иә

жоқ

8.1. Соңғы 12 айда (2024 жылғы 1 тамызға) Сіз және/немесе Сіздің үй шаруашылығыңыздың мүшелері жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істеу үшін жеке тұлғаларда жалдану бойынша жұмыс істеді ме?

иә

жоқ

IV Бөлім. Ауыл шаруашылығы жануарларының саны

Егер Сіздің үй шаруашылығыңыз мал шаруашылығымен айналыспаса, IV.I кіші бөлімге өтіңіз

Ауыл шаруашылығы жануарлары үй шаруашылығының басқа мүшелеріне тіркелген жағдайда үй шаруашылығы мүшесінің ЖСН-ін көрсету қажет

Үй шаруашылығы 1-мүшесінің ЖСН

Үй шаруашылығы 2-мүшесінің ЖСН

9. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын (жалға немесе пайдалануға алынғандарды есепке алумен) жыныс-жас құрылымы бөлінісінде көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	АШӨСЖ ⁴ коды	Барлығы, саны	одан:	
				АЖБ АЖ5 тіркелгендер:	
				ү й шаруашылығ	ү й шаруашылығ

				жалға немесе пайдалануға алынғандар	ы н ы ң басшысына	ының 1 - мүшесіне
А	Б	В	1	2	3	4

Ескертпе:

⁴Мұнда және бұдан әрі АШӨСЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығына сәйкес толтырылады

⁵АЖБ АЖ – "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру" ақпараттық жүйесі.

10. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған құрылыстар мен имараттардың болуы туралы ақпаратты көрсетіңіз (1-6 және 8-жолдарды толтыру кезінде қайталауды болдырмауға назар аударыңыз)

Жол коды	Атауы	Саны бірлік	Жалпы ауданы, ш. м 6	Сиымдылығы Мал орны, (құс орны)
А	Б	1	2	3
1	Ірі қара мал ұстауға арналған қоралар			
2	Қой-ешкі ұстауға арналған қоралар			
3	Жылқыларды ұстауға арналған қоралар			
4	Түйелерді ұстауға арналған қоралар			
5	Шошқаларды ұстауға арналған қоралар			
6	Құс ұстауға арналған үй-жайлар (құс фабрикаларынан басқа)			
7	Малдың бірнеше түрін ұстауға арналған қоралар			X
8	Өзге де мал түрлерін ұстауға арналған қоралар			X

IV.I. бөлім. Балық өсіру

Егер Сіздің үй шаруашылығыңыз балық өсіру және басқа да су жануарларын және (немесе) балық өсіру материалдарын өсірумен айналыспаса V бөлімге өтіңіз

11. Сіздің үй шаруашылығыңыз 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша балық және (немесе) оның құртшабақтарын өсірумен айналыса ма? "√" белгісімен белгіленеді

иә

☐

жоқ

☐

11.1 Өсірілетін балық түрін көрсетіңіз

11.2 Балық өсірудің жобалық қуатын көрсетіңіз, жылына тонна

үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі
V. бөлім Жер ресурстары және оларды пайдалану

12. 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығы жерлерінің сипаттамасы

(1 сотық = 100 ш. м⁶; 1 га⁷ = 100 сотық; 1 га⁷ = 10 000 ш.м⁶)
алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	алаңы (ш.м ⁶)
A	Б	1
1	Жер ресурстары	X
1.1	меншік құқығымен бекітілген жер	
1.2	жерді уақытша пайдалану (жалға алу) құқығымен бекітілген жер	
1.3	Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде пайдаланылатын жер	
1.4	Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде берілген жер	
2	Жерді пайдалану	X
2.1	Сіздің үй шаруашылығыңыз пайдаланатын жердің жалпы алаңы	
	соның ішінде:	X
2.1.1	құрылыстар, ғимараттар (жылыжайлар мен парниктерден басқа), жолдар салынған жерлер	
2.1.2	газондар, гүлдер және декоративті екпелер	
2.1.3	егістік (егіс алаңы)	
2.1.4	көпжылдық екпелер	

16. 2024 жылғы егіске арналған қандай тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау және топырақтың сапасын жақсарту құралдары қолданылды?

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Минералды тыңайтқыштар	☐
2	Органикалық тыңайтқыштар (көң)	☐
3	Биотыңайтқыштар	☐
4	Пестицидтер	☐
5	Басқа	☐

17. Сіздің үй шаруашылығыңызда ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған жеке тұрған үй-жай бар болса, көрсетіңіз
алаң үтірден кейін бір белгімен көрсетіледі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Саны, бірлік	Жалпы алаңы, ш. м ⁶
A	Б	1	2
1	Көкөніс және картоп сақтау қоймалары		
2	Жеміс сақтау қоймалары (жеміс-жидек қоймаларын қоса)		
3	Өзге де құрылыстар имараттар		

VII бөлім. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу және өңдеу

I бөлімнің 3-сұрағын (2-4-жолдар) белгілеген үй шаруашылықтары толтырады

18. Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жүзеге асырылды ма?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Сүт өңдеу	☐
2	Ет өңдеу	☐
3	Жемістер мен көкөністерді өңдеу	☐
4	Жүнді алғашқы өңдеу	☐
5	Ауыл шаруашылығы жануарларының терісін алғашқы өңдеу	☐

6	Өндеудің басқа түрлері	☐
---	------------------------	--------------------------

18.1. Өндірілген немесе өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері қандай арналар арқылы өткізілетінін көрсетіңіз

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Дайындау ұйымдарына	☐
2	Қайта өндеу кәсіпорындарына	☐
3	Сауда желісі және қоғамдық тамақтандыру желісі арқылы	☐
4	Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне	☐
5	Делдаларға	☐
6	Халыққа	☐

VIII бөлім. Техникалық құралдар

19. Сіздің үй шаруашылығыңызда қолданылатын ауыл шаруашылығы техникаларын, машиналарын және жабдықтарын көрсетіңіз

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Барлығы, дана	оның ішінде:		одан:	одан:
			жекеменшік (жалға берілгеннен басқа)	жалға алынған	10 жылдан астам пайдалану мерзімімен	пайдаланылмайтын, жөндеуге келмейтін
A	Б	1	2	3	4	5
1	Ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар					
2	Шөпшапқыштар					
3	Тырмалар					
4	Қопсытқыштар					
5	Трактордың тырмалары					
6	Трактор соқалары					
7	Сепкіштер					
8	Трактордың тіркемелері					

9	Ж ү к автомобильде рі					
10	С а у у жабдығы					
11	Қ ұ с шаруашылығ ына арналған жабдықтар					
12	Жем таратуға арналған машиналар					
13	К ө ң жинайтын жабдық					
14.	Басқа да					
15	А у ы л шаруашылығ ы техникасын , машиналар м е н жабдықтарды пайдаланбайд ы " √ " белгісімен белгіленеді	☐	X	X	X	X

IX бөлім. Жеке қосалқы шаруашылықтарға көрсетілетін қызметтер

20. Ауыл шаруашылығы қызметін жүргізу үшін Сіз үшінші тұлғалардың қандай қызметтерін пайдаландыңыз?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
А	Б	1
1	Топырақ дайындау	☐
2	Ауыл шаруашылығы дақылдарын себу және жинау	☐
3	Ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулар мен зиянкестерден қорғау қызметтері	☐
4	Жем- шөпті жеткізу	☐
5	Жануарларды ұстау және күтіп-баптау	☐
6	Қойларды қырку	☐
7	Ветеринариялық қызмет	☐
8	Жасанды ұрыктандыру	☐

9	Агрономдар, экономистер және басқа мамандардың кеңестері	☐
10	Су беру (суару үшін)	☐
11	Көлік қызметтері	☐
12	Басқа қызмет түрлері	☐
13	Үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдаланады	☐

21. Сіздің үй шаруашылығыңыз соңғы 12 айда ауыл шаруашылығы мақсатында кредит қаражатын тартты ма, егер тартса, қандай мақсаттарға?

бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге болады

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналар мен жабдықты сатып алуға кредиттер	☐
2	Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға кредиттер	☐
3	Басқа қарыз қаражаттары	☐
4	Кредит қаражаттары тартылмады	☐

22. Сіз ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесісіз бе, егер мүшесі болсаңыз, қандай ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесісіз?

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	"√" белгісімен белгіленеді
A	Б	1
1	Өндіріс	☐
2	Өткізу	☐
3	Сервис	☐
4	Өңдеу	☐
5	Өзге	☐
6	Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі емес	☐

Байланыс телефонының нөмірі: _____

Сұрақнаманы толтыруға кеткен уақыт, мин

--	--	--

Ескертпе:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

"Жеке қосалқы шаруашылықтар, саяжайлар және бақ шаруашылықтары" пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Жеке қосалқы шаруашылықтар, саяжайлар және бақ шаруашылықтары" (индексі 3-ЖҚШ/СБШ, кезеңділігі біржолғы) санақ парағы қосымшасында келтірілген

"Жеке қосалқы
шаруашылықтар, саяжайлар
және бақ шаруашылықтары"
(индексі 3-ЖҚШ/СБШ,
кезеңділігі біржолғы)
санақ парағының
қосымша

"Жеке қосалқы шаруашылықтар, саяжайлар және бақ шаруашылықтары" (индексі 3-ЖҚШ/СБШ, кезеңділігі біржолғы) пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы нұсқаулық "Жеке қосалқы шаруашылықтар, саяжайлар және бақ шаруашылықтары" пилоттық ауыл шаруашылығы санағына санақ парағын (индексі 3-ЖҚШ/СБШ, кезеңділігі біржолғы) (бұдан әрі-санақ парағы) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) – астық сақтауға арналған мамандандырылған техникалық имарат;

2) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы (АШӨСЖ) – өнімді экономикалық қызмет түрлері бойынша сыныптау және кодтау тәртібін белгілейтін сыныптаушы;

3) ауыл шаруашылығы санағы – ауыл шаруашылығының құрылымы мен жай-күйі туралы деректерді жинау, өңдеу, біріктірілген деректерді талдау және тарату процесін қамтитын статистикалық байқау;

4) әкімшілік-аумақтық бірлік – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы жүйесінің құрамдас бөлігі (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс);

5) бақша өсіру – көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

6) бау-бақша шаруашылығы – ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жер учаскесінде жүзеге асырылатын қызмет түрі;

7) ветеринариялық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі.

8) жеке қосалқы шаруашылық – ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз мұқтажын қанағаттандыру үшін қызмет түрі;

9) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекараларда бөлінген жер бөлігі;

10) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

11) жылыжайлардың жалпы алаңы – өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге, олардың арасынан өтуге арналған орын), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй-жайлардың алаңы;

12) имарат – табиғи немесе жасанды кеңістіктік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыру және сақтау немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (жылжытуға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды дайындалған көлемдік, жазықтықты немесе желілік (жер үсті, су беті және (немесе) жерасты, суасты) нысан;

13) көпжылғы дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәндік, тұқымдас және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар;

14) күн батареялары – күн энергиясын тұрақты электр тогына тікелей түрлендіретін жартылай өткізгіш құрылғылардың бірнеше біріктірілген фотоэлектрлік түрлендіргіштері (фотоэлементтер);

15) майлы дақылдар – тоң май алу үшін өсірілетін өсімдіктер;

16) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары және майлы тұқымдар, көкөністер және бақша, тамыр-жемісті және түйнекжеміс (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты дақылдар (мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

17) мекенжай – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жерінің сипаттамасы (өңір, елді мекен, елді мекеннің құрамдас бөліктері, бастапқы жылжымайтын мүлік объектісі, қайталама жылжымайтын мүлік объектісі (бар болса));

18) минералды тыңайтқыштар – өсімдікке қажетті қоректік заттар бар және оның қасиеттерін жақсарту және жеміс-жидек дақылдарының өнімділігін арттыру үшін топыраққа енгізілетін химиялық қосылыстар;

19) органикалық тыңайтқыштар – – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбай, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

20) өсімдік шаруашылығы өнімдері – ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, көкөністер, қант қызылшасы, мақта және басқалар) өңдеу процесінде алынған өнім;

21) пайдаланылмайтын (бос) жерлер – бір немесе одан да көп егіс маусымы бойы уақытша тұқым себілмеген жерлер;

22) парник – көшеттер мен көкөністерді өсіруге арналған, имараттың сыртындағы өсімдіктерге күтім жасайтын, көктемде, ішінара жазда және күзде пайдаланылатын, мөлдір жабыны бар культивациялық имарат;

23) сою алаңы (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңы) – ет өңдейтін кәсіпорын немесе сою пункттері жоқ кезеңде, ветеринариялық-санитариялық ережелер сақталып және жануар мен оның сойылған өнімдеріне ветеринариялық тексеру жүргізі отырып, мал сою үшін белгіленетін бейімделген үй-жай (орын);

24) сою пункттері – сою алаңдары (ауыл шаруашылығы жануарларын союға арналған алаң);

25) статистикалық байқау – статистикалық байқау объектісі бойынша алғашқы статистикалық деректерді ғылыми-ұйымдастырып жинау;

26) үй шаруашылығы – бірлесіп тұратын, өз табыстары мен мүлкін толық немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан тұратын экономикалық субъект.

3. Санақ парағын жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері (саяжай, бақша, бақша) бар және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары ұсынады.

4. Санақ парағының титулдық бетінде мыналар көрсетіледі:

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) беретін нұсқаушы және есеп учаскелерінің нөмірлері планшеттегі мобильді қосымшаға мекенжайлар тізілімі жүктелгеннен кейін автоматты түрде көрсетіледі;

аумақтың коды және әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесінің анықтамалығынан Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес көрсетіледі;

үйдің (учаскенің), пәтердің нөмірі;

"Саяжай және немесе бау-бақша учаскесі" деген жолда, егер үй шаруашылығы саяжай және немесе бау-бақша учаскесінде тұратын болса "√" белгісімен белгіленеді және саяжай кооперативінің атауы көрсетіледі.

үй шаруашылығы басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі және жынысы.

5. I бөлімнің 1-сұрағында 2024 жылғы 1 тамызға үй шаруашылығында тұрақты тұратындардың саны көрсетіледі.

2-сұрақта, егер үй шаруашылығында маусымдық, көпжылдық дақылдардың егістері, мал немесе құс басы болған жағдайда "ИӘ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді. Әйтпесе, "ЖОҚ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді және 4, 5, 6, 12, 15, 17, 19, 22-сұрақтарға өтеді.

3-сұрақта ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің мақсаты "√" белгісімен белгіленеді

6. II бөлімде инженерлік-техникалық коммуникациялардың және автономды электрмен/жылумен/сумен жабдықтау көздерінің бар-жоғы, сондай-ақ 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының (100 км радиуста) қолжетімділігі көрсетіледі.

Егер стационарлық телефон аппараты, оның ішінде радиотелефон орнатылған болса және байланыс операторларымен шарт болса, тіркелген телефон байланысы деп есептеледі;

Егер модем, оның ішінде wi-fi орнатылған болса және байланыс операторларымен шарт болса, интернетке тіркелген қолжетімділік бар деп есептеледі;

Егер тұрғын үйде ұялы байланыс сигналы болса және браузерлер арқылы веб-беттер ашылса (ұялы телефонның көмегімен тексеруге болады) мобильді интернет деп есептеледі;

7. "Еңбек ресурстары" III бөлімінде соңғы 12 айдағы (2024 жылғы 1 тамызға) мына мәліметтер көрсетіледі:

7-сұрақта – жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін 15 жастағы және одан үлкен үй шаруашылығы мүшелерінің саны;

8-сұрақта, егер ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін жалдамалы жұмыскерлер тартылған жағдайда, "ИӘ" өрісінде "" белгісімен белгіленеді, әйтпесе "ЖОҚ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді;

8.1-кіші сұрақта, егер үй шаруашылығының бір немесе бірнеше мүшесі жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істеу үшін басқа жеке тұлғаларда жалдану бойынша жұмыспен қамтылған жағдайда, "ИӘ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді, әйтпесе "ЖОҚ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді.

8. IV бөлімнің 9-сұрағында 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығына (бұдан әрі – АШӨСЖ) сәйкес меншік құқығында үй шаруашылығы мүшелеріне бекітіліп берілген (жалға алынғандарды есепке алмағанда), қай жерде (мал шаруашылығы үй-жайларында, жайылымдарда шалғайда) екеніне қарамастан, мал, құс, өзге де жануарлар көрсетіледі. 1-бағанда ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың (бұдан әрі – бас) жалпы саны жыныс-жас топтары бойынша нақты санда (бал аралары-отбасы дана) көрсетіледі. 2-бағанда жалға немесе пайдалануға алынған жануарлар саны көрсетіледі. 3-бағанда "Ауыл шаруашылығы жануарларын

бірдейлендіру" ақпараттық жүйесінде үй шаруашылығының басшысының атына тіркелген мал саны, одан кейінгі бағандарда үй шаруашылығының басқа мүшелеріне (бар болса) атына тіркелген мал саны көрсетіледі.

2024 жылдың 1 тамызынан кейін сатылған, сойылған немесе өлген жануарлар қолда бар мал санына жазылуы керек. 2024 жылғы 1 тамыздан кейін туылған және/немесе сатып алынған жануарлар есепке алынбайды.

10-сұрақта жануарларды ұстауға арналған қолда бар құрылыстар мен имараттар, олардың саны, жалпы алаңы (шаршы метрмен) және сыйымдылығы (мал орны, құс орны) көрсетіледі.

9. IV.I кіші бөлімде егер үй шаруашылығы балық және (немесе) олардың құртшабақтарын өсіруді жүзеге асырса (2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша) "ИӘ" өрісіне "√" белгісі қойылады, әйтпесе "ЖОҚ" өрісінде "√" белгісімен белгіленеді.

11.1-сұрақта АШӨСЖ сәйкес өсірілетін балықтың түрі, 11.2-сұрақта жылына балық өсірудің жобалық қуаты тоннамен көрсетіледі.

10. V бөлімнің 12-сұрағының 1-бағанында жер алаңы үтірден кейін бір белгімен шаршы метрде көрсетіледі. Жердің жалпы алаңында уақытша жер пайдалану (жалдау) құқықтарында бекітілгендерді және Бірлескен қызмет туралы шартты ескере отырып, үй шаруашылығының меншік құқығындағы жер алаңы көрсетіледі. Жалпы алаң ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері: егістік, шабындық, жайылым, тыңайған жерлер бойынша бөлінеді.

Егістік –жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері, сондай-ақ сүрі жер.

Жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп қажеттілігінен асатын жағдайларда, жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға рұқсат етіледі;

табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері;

тыңайған жер - бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі;

11. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарында жерді уақытша пайдалану (жалға алу) және (немесе) Бірлескен қызмет туралы шарт құқықтарында пайдаланылатын жерлердегі егістерді қоса алғанда, 2024 жылғы егіске арналған егістердің нақты мөлшері көрсетіледі.

2024 жылғы егін алқаптарының мөлшерін анықтау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алу керек.

1) Жалпы егіс алаңына және дақылдар түрлері бойынша мына егістер енгізіледі:

- 2024 жылғы 1 тамызға сақталған күздік дақылдар мен көпжылдық егілген шөптер;
- 2024 жылғы 1 тамызға сақталған жаздық дақылдардың негізгі дақылдары (қайта егуді есептемегенде).

2) Жалпы егіс алаңына мыналар енгізілмейді:

- жасыл тыңайтқышқа өндірілген дақылдар (сидералды егістер);
- алдын ала жыртылғаннан кейін табиғи шабындықтар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту тәртібімен жүргізілген көпжылдық шөптердің егістері (шалғындандыру үшін көпжылдық шөптердің егістері).

13-сұрақта 2024 жылғы 1 тамызға АШӨСЖ сәйкес маусымдық дақылдардың егіс алқаптары (үй жанындағы учаскенің шегінен тыс егістерді қоса алғанда) көрсетіледі.

14-сұрақта 2024 жылғы 1 тамызға АШӨСЖ сәйкес алаңдардың мөлшері (шаршы метрмен) және көпжылдық дақылдардың саны көрсетіледі.

Жауап беру кезінде мынаны ескеру қажет:

дәнді, сүйекті, жаңғақ тұқымдарының ағаштары алғашқы жемістер пайда болғаннан кейінгі үшінші-төртінші жылы жеміс беретін жасқа енген болып саналады;

жидек бұталары (қарлыған, қарақат, таңқурай) – оларды көшеттермен отырғызғаннан кейінгі үшінші жылы, бүлдірген (құлпынай) - екінші жылы, жүзім - бесінші жылы;

жеміс беретін жасқа жеткен екпелер санақтың алдындағы жылы олардан жеміс алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, ағаштар мен бұталар қатарында есепке алынады.

Қарақат, қарлыған, теңіз шырғаны екпелері бұталардың алаңы мен саны, бүлдірген (құлпынай) және таңқурай (қаражидек) тек өздері алып жатқан алаң бойынша есепке алынады.

1 сотық - 100 ш. м. 1 гектар - 100 сотық 10 сотық – 1000 ш. м. 1 га -10000 ш. м. 100 ш. м. – 0,01 га 1000 ш. м. - 0,1 га

15-сұрақта бар болса жылыжайлар (парниктердің) алаңы көрсетіледі.

15.1 кіші сұрақта көкөністер, жидек дақылдары, саңырауқұлақтар, гүлдер егілген жабық топырақта отырғызу алаңдары көрсетіледі.

16-сұрақта 2024 жылғы өнімге қолданылатын тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау және топырақ сапасын жақсарту құралдары көрсетіледі.

17-сұрақта ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған жеке тұрған үй-жайлардың саны мен жалпы алаңы (шаршы метрмен) көрсетіледі.

12. VII бөлімнің 18-сұрағында, егер ауыл шаруашылығы өнімін кейіннен өткізу үшін қайта өңдеу жүзеге асырылса, жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасы "√" белгісімен белгіленеді.

18.1-кіші сұрақта ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу арналары бойынша жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасы "√" белгісімен көрсетіледі.

13. VIII сұрақта практикалық пайдаланылуына және техникалық жай-күйіне қарамастан, жұмыс істейтін; істемейтін, бірақ әлі баланстан шығарылмаған, жөндеудегі барлық типтегі және маркалы ауыл шаруашылығы техникасы, машиналар мен жабдықтар көрсетіледі.

14. IX бөлімнің 20-сұрағында "√" белгісімен бір немесе бірнеше жауап нұсқасы көрсетіледі: 2024 жылы үй шаруашылығына үшінші тұлғалар ұсынған қызмет түрлері (топырақ дайындау, егін егу, жинау және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғау жөніндегі қызмет, жануарларды ұстау және күту, ветеринариялық қызмет көрсету, қолдан ұрықтандыру, мамандардың консультациясы және сол сияқты).

15. 21-сұрақта үй шаруашылығының соңғы 12 айда алған кредиттің нысаналы мақсаты көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған кредит ауыл шаруашылығы өндірісінің жұмыс істеуіне байланысты мақсаттарда алынған кредиттің кез келген түрін білдіреді.

16. 22-сұрақта үй шаруашылығының басшысы ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі болып табылатын-табылмайтыны және қайсысының (өндірістік, өткізу, сервис, қайта өңдеу және басқалар) мүшесі екені көрсетіледі.

17. Пилоттық ауыл шаруашылығы санағы объектілері бойынша бастапқы статистикалық деректерді жинауды Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы аумақтық бөлімшелерінің жұмыскерлері планшет немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдалану арқылы жүзеге асырады. Сондай-ақ санақ парағын толтыру www.sanaq.gov.kz веб-порталында онлайн режимде интернет желісі арқылы электрондық форматта қолжетімді.

18. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 9-сұрақ "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын (жалға немесе пайдалануға алынғандарды есепке алумен) жыныс-жас құрылымы бөлінісінде көрсетіңіз":

1-баған = 2, 3, 4-бағандардың $\sum$, әрбір жол үшін;

2) 12-сұрақ "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша үй шаруашылығы жерлерінің сипаттамасы":

2.1-жол $\leq$ 1.1-1.4-жолдардың $\sum$;

2.1-жол $\geq$ 2.1.1 және 2.1.2-жолдардың $\sum$.

3) 14-сұрақ "2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша көпжылдық дақылдардың саны мен алаңын көрсетіңіз":

3-баған $\leq$ 2-баған, әрбір жол үшін.

4) 19-сұрақ "Сіздің үй шаруашылығыңызда қолданылатын ауыл шаруашылығы техникаларын, машиналарын және жабдықтарын көрсетіңіз":

1-баған = 2 және 3-бағандардың Σ , әрбір жол үшін;

1-баған $\geq$ 4-баған, әрбір жол үшін;

1-баған $\geq$ 5-баған, әрбір жол үшін.

5) Сұрақтар арасындағы бақылау:

Егер 2-сұраққа "жоқ" жауап болса, онда 4, 5, 6, 12, 15, 17, 19, 22-сұрақтар ғана қолжетімді;

18-сұрақ I бөлімнің 3-сұрағында 2-жолды (жеке тұтыну және сату үшін), 3-жолды (ақшалай табыстың негізгі көзі) және 4-жолды (ақшалай кірістің қосымша көзі) белгілегендерге ғана қолжетімді;

18.1-кіші сұрақ 18-сұраққа жауаптардың кемінде біреуін белгілеген жағдайда қолжетімді.